



3 - дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

## ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Сөз ойлау мен сөйлеудің сыртқы  
және ішкі бөліктерінің бірлігі ретінде





Бұл дәрісте сөз және оның ойлау мен сөйлеудің бірлігі ретіндегі сипаты жайлы айтатын боламыз. Л.С.Выготскийдің «Ойлау мен сөйлеу» атты еңбегінде жарық көрген негізгі ойлар мен сыни көзқарастарға тоқталатын боламыз.

Сөйлеу (тіл) мен ойлау қоғамдық қызметтің өзара тығыз байланысты, мәні және арнайы белгілері жағынан ерекшеленетін екі түрі. Ойлау шындық болмысты бейнелеудің жоғарғы формасы, ол заттар мен құбылыстардың арақатынасын, байланыстарын жинақтап танып білуге бағытталған. Адам заттың танымдық және әлеуметтік-тарихи тәжірибесі жинақталып, ойлаудың әр түрлі формаларында (ұғым, категория, теория түрінде) берілген. Ойлау процестері өзара күрделі қатынастағы үш негізгі түрден тұрады: практикалық-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөйлеу-логикалық. Ойлаудың құралы — тіл, оған басқа таңбалар жүйесі де жатады. Таңбалық қызмет арқылы тіл ойдың материалдық күйін білдіреді. Практикалық-әрекеттік қызметтен басқа ойлау түрлерінің психикалық, нағыз табиғи сипаты бар, ал тіл болса ол өзінің бастапқы жаратылысында-ақ физикалық-материалдық құбылыс. Тіл мен ойлаудың байланысы қандай дәрежеде екенін және оның нақты сипатын анықтау — теориялық тіл білімі мен философияда ежелден-ақ әр түрлі пікірлер туғызған. Тіл мен ойлауды бірдей құбылыс (Ф. Э. Шлейермахер, И. Г. Гаман) немесе тілге ерекше мән беріп, оймен өте жақын құбылыс (В. Гумбольдт, Л. Леви-Брюль) деумен бірге, ол екеуінің арасындағы тікелей байланысты жоққа шығарған (Ф. Э. Бенекке) пікірлер орын алған. Психологияда адамның ойлауы мен сөйлеуінің ерекшеліктері көптеген ғалымдарды толғандырған мәселелердің бірі болып табылады. Ойлау мен сөйлеуге қатысты әрқилы тұжырымдар айтылып, бұл мәселе көптеген ғалымдардың зерттеулеріне ие болды. Осыған орай, психологияда ойлау мен сөйлеуге нақты анықтама беріліп, олардың ерекшеліктері жан – жақты талданды. Ондағы ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс – қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ал сөйлеу дегеніміз – тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізу. Адам ойлау мен сөйлеу арқасында қарым – қатынасқа түседі. Адамның көпғасырлық еңбек етуі нәтижесінде осы қарым – қатынас құралы сөз пайда болғанына еш күмән жоқ.

**Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір – бірімен тығыз байланысты.** Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз бірі іске аспайды. Интонацияны қабылдау сөйлеу аппаратында, адамның мәнерлі қозғалысында түрліше реакция тудырады. Мәселен, бұйрық интонациясы бойынша іс орындалса, тілек интонациясына келісе немесе келіспеушілік білдіреді. Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі. Бұл біріншіден, сөйлеу органдарындағы қозғалыстарды, жазылған әріптердің түрлерін, тілдегі дыбыстарды нәзік талдаудан; екіншіден, сөздік сигналдардың бөлшектелген элементтерін байланыстырудан көрінеді. Сөзді қабылдау, оның мәнісіне түсінуде мидың есту, көру, сипай сезу, қозғалыс зоналарының бірлескен қызметін реттестіріп отыратын сол жақ ми сыңарының қызметі ерекше. Сөздік сигналдарды дұрыс сараптай алу адам психикасы дамуының түрлі кезеңдерінде түрліше көрінеді. Мәселен: жас баланың алғашқы кезде дыбыстарға қайтаратын жауап реакциясы жалпылама түрде, яғни генерализация сипатында болады. Балаға «қоңырау» деп айтқанда немесе оған қарап сөйлегенде, сол қоңыраудың дыбысына ұқсас дыбыстардың жиынтығына назар аударады да, дыбыстың қалай шығып жатқанын дұрыс айыра алмайды. Бұл жағдай баланың ми қабығының анализдік, синтездік жұмысы әлі жөнді жетілмегендігін, яғни онда сөзді дұрыс қабылдау, түсіну әлі мардымсыз екендігін көрсетеді. Сөз бен сөйлемге қарағанда қарым – қатынас аясы кең, ауқымды. Адам тек сөйлесу арқылы ғана қарым – қатынас жасамайды. Ол айналасындағылармен түрлі ым – ишара (жест), белгі таңба (Морзе әліппесі, стенографиялық жазу, эсперанто т.б.) бір – біріне ақпарат бере алады. Тіпті қас қағу, иық пен иекті қозғалту, басты шайқау тағы басқа осы сияқты толып жатқан атрибуттар да қарым – қатынастық қызмет атқарады.

**Биховциристер ой мен ішкі сөйлеудің ешбір айырмашылығы жоқ дегенді айтады.** Бұлардың айтуынша, ол дыбыссыз сөз болып табылады. Дегенмен ой мен сөз екі басқа процесс, бірақ үнемі бірлікте болып келеді. Сөз материалдандырып отырады, К. Маркс айтқандай, ой шындығы ылғи да сөз арқылы көрініп отырады. Дж. Уотсон адамның ойлауын, оны іштей сөйлеумен және вербалды емес коммуникацияның құралдарымен салыстыра отырып, өте кең түсінген. Дж. Уотсон ойлаудың негігі үш формасын бөліп қарастырған: а) сөздік дағдылардың қарапайым ашылуы (сөздердің ретін өзгерпестен, тақпақтарды немесе цитаттарды қайта жаңғырту); б) жаңа емес, бірақ сирек кездесетін тапсырмаарды шешу, сондықтан олар байқап көру сөздік мінез – құлықты талап етеді; в) қандай да бір ашық айқындалған



әрекет жасағанға дейін сөздік шешуді талап ететін, ағзаны ауыр жағдайға қоятын жаңа тапсырмаларды шешу. Дж. Уотсон бойынша, ойлаудың үшінші формасы “мәнді емес, кіру кезіндегі сәттерден босатыла отырып, лабиринтке алғаш рет кез болған егеуқұйрықтардың мінез – құлқына ұқсас адамзат баласының мінез – құлқының тек аздаған бөлігін ғана білдіреді.

**Ал осы ретте сөздің қызметі қандай? Жалпы сөз дегеніміз не?** Ең алдымен тура этимологиялық мағынасына тоқталайық. Сөз – зат пен құбылыстың атын, түр-түсін, сапалық белгісін, амалын, қимыл-әрекетін таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұтастығынан тұрады. Сөзді құраушы бірлік – дыбыс, ал мағына – сөздің ішкі мәні, мазмұны. Дыбыстық құрылым сөздің ішкі мәніне, ұғымға бағынышты болады. Сөз – тілдік категория, ұғым – логикалық категория. Ұғым сөз арқылы айтылады, бірақ сөз тілдегі барлық ұғымдарды білдіре бермейді. Сөздің негізгі белгілері: Құрылымдық тұтастығы: яғни, сөз белгілі бір дыбыс жиынтығынан тұрып, дайын күйінде жұмсалады; Семантикалық тұтастығы: құрамында қанша буын не сөз болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді; Грамматикалық тұтастығы: сөз ішкі мағыналық құрылымына қарай грамматикалық топтарға бірігіп, грамматикалық категориялар негізінде түрленеді; Танымдық тұтастығы: сөздің ішкі мағыналық құрылымы халықтық дүниетаным негізінде анықталады.

**Ал, сөз ойлау мен сөйлеудің бірлігі ретіндегі сипаты қандай?** Осы тақырыпта автор «Сөз дегенде біз әрқашан оның бізге бағытталған сыртқы жағын ғана білетінбіз. Айдың екінші беті сияқты, оның ішкі жағы бұрын да, қазір де зерттелмей, белгісіз болып қалды. Тап осы екінші жағында ойлау мен сөйлеуге қатысты бізді қызықтыратын сұрақтардың шешімі жатыр, өйткені сөздің мағынасының өзінде-ақ біз сөз түрінде ойлау деп атайтын бірліктің түйіні байланған» деп мәселенің қызықты әрі өзекті тұсын айқындап береді.

Автордың сөздің мағынасына қатысты «сөздің мағынасы да табиғаттағы басқа дыбыстармен араласып кетіп, мәнінен айырылған дыбыс сияқты, біздің санамыз бен ойымыздың барлық басқа актілерінің теңізінде сіңісіп, байқалмай кетті. Соған орай, адам сөзінің дыбысына қатысты қазіргі заман психологиясы тек адам сөзінің дыбыстағы ерекшеліктері ретінде не жүретіні туралы айта алмайтыны сияқты, сөздің мағынасы аймағын зерттеуде де психология санамыздың әр түрлі ойлары мен ой-көрініс, ұсыныстары сияқты сөздік мәнді біркелкі сипаттаудан басқа еш нәрсе айта алмайды» дей келе жаңа көзқарастарға үлкен жол ашады.

Сөз мағынасының психологиялық табиғатының теориялық түсініктемесіне тоқтала отырып, Выготский өз зерттеуінде байқағандай, ассоциативті психология да, құрылымды психология да сөздің мағынасының табиғаты туралы сұраққа қанағаттандырарлықтай еш жауап бермейді. Сөз әрқашанда арнайы бір ғана затқа емес, заттардың бүкіл тобы немесе бүкіл класына жатады дейді автор. Осыған орай, әрбір сөз жасырын жалпылауды береді, психологиялық көзқарас тұрғысынан сөздің мағынасы, ең алдымен, жалпылауды білдіреді. Алайда жалпылау дегеніміз — ақиқат өмірді тікелей түйсіну мен қабылдауда бейнелеумен салыстырғанда, мүлдем басқаша бейнелейтін, ойдың шамадан тыс сөздік актісі деп түсіндіреді.

Диалектикалық секіріс тек ойлай алмайтын (ойсыз) материядан сезінуге қарай ауысу ғана емес, сонымен бірге сезінуден (түйсінуден) ойға ауысу деп айтқан кезде, осы сөз арқылы ойлаудың тікелей сезінуден гөрі шынайылықты (ақиқат дүниені) санада әлдеқайда сапалы түрде басқаша бейнелейтіндігін көрсеткісі келеді. Дәл осы бірліктің сапалы ерекшелігі негізінде және ең бастысы ақиқат дүниені жалпылай бейнелеу деуге толық негіз бар сияқты. Осыған орай, Выготский тап қазір психологиялық жағынан ашуға тырысқан сөз мағынасы мен оның жалпылануы ойлау актісін құрайды деп қорытындыға келеді. Алайда, онымен қоса, мағына — сөйлеу және ой патшалығына бірдей жататындықтан, сөздің ажырамас бөлігін құрайды. Мағынасыз сөз — сөз емес, бірақ жай ғана дыбыс. Мағынасынан айрылған сөз сөйлеуге жатпайды. Сондықтан да мағына табиғаты бойынша әрі сөздік құбылыс, әрі ойлау құбылысы болып табылады.

Автор «Сөздің мағынасы нені білдіреді? Ойлау мен сөйлеуді ме?» деген сұрақ қойып, оған жауап іздеуге тырысады. Выготский былай дейді: «Ол бір мезетте сөйлеу де, ойлау да болады, себебі ол сөз түріндегі ойлаудың бірлігі болып табылады. Егер бұл осылай болса, онда бізді қызықтыратын мәселені зерттеу әдісі — семантикалық әдіс, сөйлеудің мағыналық жағын зерттеу әдісі мен сөздік мәнді зерттеу әдісінен басқа әдіс болмау керек» деген ойды қорытады. Осы жолда ғалымда ойлау мен сөйлеуге қатысты қызықтыратын сұрақтарға тікелей жауаптарды іздеді. Өйткені бұл қарым-қатынастың өзі таңдаған бірліктің құрамында бар және бұл бірліктің құрылымын, жұмыс істеуі, дамуы мен қимыл-қозғалысын зерттей отырып, ойлау мен сөйлеуге қатысты сұрақтарды және сөз түріндегі ойлау табиғаты туралы сұрақтарды анықтауға мүмкіндік береді деп ойлады. Ойлау мен сөйлеудің арасындағы қарым-қатынасты зерттеу үшін қолданылған әдістер қандай да бір күрделі бірліктің қасиеттерін синтездік зерттеу мүмкіндігімен талдауға тән барлық



касиеттерді біріктіруге басым мүмкіндік бергенін ескеру керек.

### **Сөйлеудің алғашқы қызметі қарым-қатынас орнату.**

Сөйлеу, ең алдымен, әлеуметтік қарым-қатынас жасау және түсіну мен өз ойын айтып жеткізу құралы. Сөйлеудің бұл қызметі, әдетте, элементтерге бөлшектейтін талдауда интелектілі (ақыл-ой) қызметінен ажыратылып тасталатын да, екі қызмет сөйлеуге бірдей және бір-бірінен тәуелсіз қызмет ретінде танылып келді. Сөйлеу — бір өзінде қарым-қатынас және ойлау қызметін қоса алып жүрді, алайда бұл қызметтің бір-бірінің арасындағы қарым-қатынас қандай, осы екі қызметтің сөйлеуде болуына қандай жағдай әсер етті, олар қалай дамиды және осы екеуі бір-бірімен құрылымы жағынан қалай біріккен — осылардың барлығы Выготскийге дейін зерттелмеген.

Дұрыс түсінуге және ой мен күйзелісті арнайы жеткізуге негізделген қарым-қатынас еңбек үрдісінде қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындаған адамның сөйлеуі прототипі болған, болатын және әрқашан бола беретін құралдың белгілі жүйесіз сөзсіз талап етеді. Алайда ең соңғы кезге дейін бұл іс, психологияда басымдық көрсеткен көзқарасқа сәйкес, шамадан тыс қарапайым түрде ұсынылып келді. Қарым-қатынас құралы белгі, сөз, дыбыс деп ұйғарылды. Осы шатасқан түсінік элементтерге ыдырататын барлық сөйлеу мәселесінің талдауы дұрыс шешілмеуінен туындап отырды.

### **Сөз қарым-қатынаста, ең алдымен, сөйлеудің сыртқы жағы ғана болды.**

Өз кезеңінде қарым-қатынасты түсіну үрдісі мен олардың балалық шақта даму мәселесін тереңірек қарастыру зерттеушілерді мүлдем басқа нәтиже мен қорытындыға алып келді. Белгілерсіз қарым-қатынас жасау мүмкін емес тәрізді, ол мағынасыз да мүмкін емес. Адам санасының мазмұны мен күйзелісін басқа адамға жеткізу үшін берілетін мазмұнды нақты класқа, белгілі құбылыстар тобына жатқызудан басқа жол жоқ, ал бұл өзіміз білетіндей жалпылауды талап етеді. Соған орай, қарым-қатынас тікелей жалпылану мен сөздік мағынаның дамуын шамалайды, яғни жалпылау қарым-қатынастың дамуы барысында жүзеге асады. Выготский адамға тән психикалық қарым-қатынастың жоғары түрлері — адамның ойлаудың көмегімен ақиқат дүниені жалпылама түрде бейнелеуіне байланысты жүзеге асады деген ойды айтады.

Автор сөйлеудің осы негізгі қызметі — қарым-қатынас пен жалпылаудың байланысына көз жеткізу үшін мынандай мысал келтіреді. Цитата: «Мен біреуге өзімнің тоңып тұрғанымды айтқым келеді делік. Оны мен қандай да бір айқын қимыл-қозғалыс арқылы түсіндіре аламын, алайда өзімнің басымнан кешіріп тұрған күйді жалпылап және өз атымен атағанда, яғни басымнан кешіп тұрған күйді серіктесіме жеткізгенде ғана, бұл жерде шын мәніндегі түсіну мен хабарлау орын алады. Міне, сондықтан да белгілі жалпылаудан хабарсыз бала үшін тұтас зат балаға ешбір хабар бермейді».

Бұл жерде іс қажетті сөздер мен дыбыстардың жетіспеушілігінде емес, керісінше, қажетті түсініктер мен жалпылаудың жетіспеушілігінде болып тұр, онсыз түсіну мүмкін емес. Л.Н. Толстой айтқандай, әрқашан сөздің өзі түсініксіз емес, түсініксіз болатын сөзбен берілетін ұғым. Түсінік немесе ұғым дайын болса, сөз де әрқашан дайын болады деген ғұлама жазушы. Сондықтан автор сөзді тек ойлау мен сөйлеудің бірлігі ретінде ғана емес, сондай-ақ жалпылау мен қарым-қатынастың, ойлау мен қатынастың бірлігі ретінде қарастыруға да негіз бар деген ойды айтады.

Сұрақтың осылай қойылуы ойлау мен сөйлеудің барлық генетикалық мәселелері үшін өлшеусіз. Осындай көзқарастың арқасында тұңғыш рет ойлау мен сөйлеудің каузалды-генетикалық талдауы мүмкін болды десек, қателеспейміз. Жалпылау мен қарым-қатынас арасындағы бірлікті көре білуге үйренген сәттен бастап, біз бала ойлауы мен баланың әлеуметтік дамуының арасындағы байланысты түсіне бастаймыз. Ойдың сөзге және жалпылаудың қарым-қатынасқа арақатысына байланысты осы екі мәселе зерттеушілердің ортақ мәселесі болған.

Выготскийді зерттеулерінің басынан бастап шетке ысырып қойған, бірақ ойлау мен сөйлеу туралы ілім мәселесіне келіп тірелгенде өздігінен сұранып тұратын — сөздің дыбыстық жағының оның мағынасына арақатынасы туралы сұрақты бірінші орынға қойған. Тіл білімінде байқалатын осы аймақтағы ілгері қозғалыс сөйлеу психологиясындағы ғалымды қызықтырған — талдау әдістерінің өзгерісі туралы сұрақпен тікелей байланысты. Дәстүрлі тіл білімі сөйлеудің дыбыстық жағын сөйлеудің мағыналық жағынан тәуелсіз дербес элемент ретінде қарастырған. Осы екі элементтің бірігуінен сөйлеу құрылады. Осыған байланысты, сөйлеудің дыбыстық жағының бірлігі жекелеген дыбыс саналды, бірақ ойынан ажырап



қалған дыбыс осы әрекетпен бірге, оны адам сөзінің дыбысы қылып тұрған қасиетінен қоса айырылып, басқа дыбыстар қатарына қосылады. Дәстүрлі фонетиканың тіл психологиясына емес, көбінесе акустика мен физиологияға бейімделуі де осыған байланысты болатын, соған орай, тіл психологиясы мәселенің осы жағын шешуде әлсіз болды. Осы орайда психолингвистика термині туындайды. Психолингвистика — психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы. Ол сөйлеу процесін, оның мазмұны, коммуникативтік ролі, сөздің ойға қатысы тұрғысынан зерттейді.

Выготский «адам сөзінің дыбысындағы ең мәнді нәрсе не және бұл дыбыстарды табиғаттағы басқа дыбыстардан ажыратып тұратын не?» деген сұрақ қояды. Психологиядан қолдауға ие болған лингвистикадағы сол кездегі фонологиялық бағыт көрсеткендей, адам сөзі дыбыстарының мәнді белгісі дыбыстық белгі арнайы бір қызметті алып жүруші, белгілі мағынамен байланысты екенін көрсетті, бірақ өз алдына маңызсыз дыбыс сөйлеуді байланыстыратын бірлік болып табылмайды. «Соған байланысты», дейді «автор сөйлеудің дыбыстағы бірлігі жекелеген дыбыс емес, фонемалар деген жаңа тусінік, яғни айту қызметінде сөйлеудің барлық негізгі қасиеттерін сақтап тұратын жіктелмейтін фонологиялық бірліктер екені анықталған». Дыбыс мәні мен сөйлеудің таңбалық жағынан айрылған сәттен бастап, адам сөзіне тән барлық қасиетінен айрылады. Сондықтан сөздің дыбыстық жағын лингвистикалық және психологиялық зерттеулер де сөйлеудің дыбыстық және мағыналық жағына тән қасиеттерді сақтайтын бірліктерге бөлшектеу әдісін қолданған Выготскийдің зерттеуі жемісті болады.

Выготский өз еңбегінде осы әдісті қолдану арқылы тіл білімі мен психологияның қол жеткізген нақты жетістіктерін баяндамайды. Тек сол әдістің жетістіктеріне байланысты ұсынған әдіспен парапар екендігі және элементтерге бөлетін талдауға қарама-қарсы екендігін айтады. Осы әдістің тиімділігі әлі де ойлау мен сөйлеу мәселесіне тікелей немесе жанама қатысты, оның аймағына енетін немесе онымен шектес сұрақтар арқылы сынақтан өтуі және көрсетілуі де мүмкін. Автор былай дейді: «Біз тек осы сұрақтардың жинақы түрдегі жалпы шеңберін атаймыз, ол, атап өткеніміздей, зерттеуіміздің алдында тұрған мүмкіндіктерді және оның бүкіл мәселе контекстінде алатын мәнін ашуға көмектеседі. Бұл жерде сөз сөйлеу мен ойлаудың арасындағы күрделі қарым-қатынастар мен біртұтас сана мен оның жекелеген мәселелері туралы болып отыр».

Егер көне психологияның зерттеу аймағы үшін функция-аралық қатынастар мен байланыстар мәселесіне жол жабық болса, Выготский бірлік әдісін қолдануға және сол арқылы элементтер әдісін алмастырғысы келетін зерттеушіге жол ашып берді.

Біздің жұмысымыз эксперименттік-сыни және теориялық сипаттағы жеке зерттеулерден құрылуы тиісті шамадан тыс күрделі мәселені бірыңғай психологиялық зерттеуден тұрады. Біз жұмысымызды осы мәселеде психологиялық ойдың шыңын білдіретін және сонымен бірге бұл мәселені өзіміз таңдаған теориялық талқылау жолымен шешуге қарама-қарсы тұратын сөйлеу мен ойлауды сыншыл сипаттағы зерттеуден бастаймыз. Осы бірінші зерттеу бізді қазіргі кездегі ойлау және сөйлеу психологиясындағы негізгі сұрақтарды қоя білуге және оларды қазіргі психологиялық маңыздылық (мәнділік) контекстінде шығаруға алып келуі керек.

Ойлау мен сөйлеу тәрізді мәселені зерттеу қазіргі психология үшін оған қарсы тұратын теориялық пікірлер мен көзқарастарға қарсы идеялық күрес жүргізуімен бірдей. Выготский еңбегінің екінші бөлімі ойлау мен сөйлеудің филогенетикалық және онтогенетикалық тұрғыда дамуы туралы негізгі мәліметтерді теориялық талдауға арналған. Ол басынан-ақ ойлау мен сөйлеудің дамуындағы басталған нүктесін көрсетуге тырысты, өйткені ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамыры туралы бұрыс ой-пікір (білім) осы сұрақ бойынша қате теорияның туындауына жиі себеп болды. Выготский зерттеуінің орталық мәселесі: бала жасындағы түсініктердің дамуын эксперименттік зерттеу. Зерттеу екі бөлімге бөлінді: бірінші бөлімінде экспериментті түрде құрылған жасанды түсініктердің дамуын қарастырды, екінші бөлімінде баланың шынайы түсініктерінің дамуын зерттеді. Жұмысымыздың қорытынды бөлімінде теориялық және эксперименттік зерттеудің негізінде сөз түрінде ойлау үрдісінің қызмет етуі және құрылуын толық түрде талдап берді. Айта кетерлігі, барлық жекелеген эксперименттердің басын қосып біріктіретін кезең — ол ең алдымен, сөздің мәнін сөйлеу мен ойлаудың бірлігі ретінде зерттеу мен талдауға қатысты қолдануға тырысқан даму идеясы екендігін автор ерекше атап өтті.

Ойлау мен сөйлеудің тұтастығы ойлау процесі басталатын сұрақтан да, белгілі бір нақты мәселені шешу үшін өзіміз пайдаланатын мазмұннан да көрінеді. Кез келген заң, кез келген қағида, жаңалық, тәуелділік, ұғым қоғамдық тәжірибе қазынасы бола отырып сөздік, тілдік формада өмір сүреді. Тіпті формула, схемалардың өзі алғашында сөз арқылы қалыптасқан тәуелділіктердің жаңа жалпылама көрінісі болып есептеледі. Біз ойлау әрекеті үстінде пайдаланатын заттар мен құбылыстардың бейнелері де сөздермен



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Сөз ойлау мен сөйлеудің сыртқы және ішкі бөліктерінің бірлігі ретінде

---

байланысты.

**Қосымша әдебиет:**

Выготский Л. С. Ойлау және сөйлеу. Изд. 5, истр. — «Лабиринт» Баспасы, М., 1999.